**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Білім беру ұйымы : Касымканова Д.Е.
Топ: ересек топ «Балауса»
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 08.04 - 12.04.2024ж.
Педагогтың аты-жөні : Касымканова Д.Е.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | «Бала бөлмесіне арналған гүлдер» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың | **"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"** Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және басқалар)** | ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Балаларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)** | ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңдерді орап, шүберекті сулаңыз және құрғатып сығыңыз, ластанған кезде оны сумен шайыңыз. **(еңбек дағдылары)** |
| | **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)**<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу** | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Аквариумдағы балықтар". Мақсат-міндеттер: балаларды көк түсті шеңбердің үстіне, сары түсті шаршыларды бүктеп, оригами әдісі | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Көктемде жер бусанды". Мақсат-міндеттер: балаларға көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, көктемгі табиғатқа | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Ақылды егінші". Мақсат-міндеттер: балаларды "Ақылды егінші" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін | **Саусақ жаттығуы. «Тұқым себу».** Ішіне топырақ толтырылған бір рет пайдаланатын кішкентай пластмасса ыдысты таратып береді. Алдыларындағы қорапшадан өсімдік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Құлыншақ шауып келеді". Мақсат-міндеттер: балаларды қылқаламмен шауып келе жатқан құлыншақ бейнесін салу амалдарына үйрету; құлыншақтың дене бөлшектерін салуда дене пропорцияларын сақтауға талпындырту; құлыншақ бейнесін қағаздың ортасына, мөлшері кішкентай емес етіп, салуға машықтау. | бойынша аквариумдағы балықтар бейнесін құрастырып, балықтарды өз қалаулары бойынша, балдырларды тігінен, тастар дайындамаларын қатар бойымен тізбектеп жапсыруға үйрету. | тән ерекшеліктермен таныстыру. | қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету. | тұқымын алып, ыдысқа отырғызуды ұсынады. Бұл өсімдіктер апат болған ғаламшардың ауасын тазартады. Педагогтің көрсетуімен кішкентай пластмасса ыдыстарға қорапшадағы тұқымдарды себеді. **(қоршаған ортамен танысу)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | ***Жалпы дамыту жаттығулары (қысқа секіргіштермен)***<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргішті екі бүктеп төменде ұстау.<br>1 - оң аяқты ұшына қойып, секіргішті жоғары көтеру; 2 - б.қ. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргішті төменде ұстау.<br>1 - секіргішті жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - б.қ. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. | | | | |

| | |
|---|---|
| | 3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіргішті жоғары ұстау.<br>1 - 2 - еңкейіп, секіргішті аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіргішті төменде ұстау.<br>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіргішті алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіргішті ұстап, алдына қою.<br>1 - 2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіргіш жерде.<br>Секіргішпен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіргіш төменде (секіргіштің екі жағынан екі қолымен ұстау).<br>1 - секіргішті алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады."<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін.<br>Ол халқымның ақ жаны,<br>Жақсы дәстүр маржаны,<br>Кеңпейіл де арайлы,<br>Осы жерден тарайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Игі істер қоржыны»** Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, сонша дөңгелек салу ұсынылады. Бала қиналған жағдайда, оған көмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады. **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | Туған жер туралы өлеңдермен танысу, жаттау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Әдепті сөздер шеңбері»** Ойынның мақсат-міндеттері: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | "Алтын микорофон" арқылы тақырыпқа байланысты сұхбат жүргізу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдер жаттау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған** | **Дене шынықтыру** "Жермен еңбектеу". Мақсат-міндеттер: балаларды қатарда | **Қазақ тілі** "Достық жайлы ән. Жазықтықта бағдарлау: оң жақта, | **Дене шынықтыру** "Жүру, еңбектеу және секіру жаттығулары". | **Музыка** "Туған жер". (қайталау) Мақсат-міндеттер: | **Дене шынықтыру** "Қимылдар тізбегін үзбе". Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекет** | бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, жүру және сапқа тұруға дағдыландыру; саптан қатарға ауысып, бір-бірден жүре отырып, педагогтің белгісі бойынша тапсырмаларды орындауға үйрету. | сол жақта, жоғары, төмен, ортасы." Мақсат-міндеттер. Достық түсінігін қалыптастыру; достық ұғымын қалыптастыратын жақсы әдеттер жайлы түсініктерін нақтылау; заттардың жазықтықтағы орналасу (сол жақта, оң жақта, жоғары, төмен, ортасы) орны туралы білімдерін дамыту; Қазақстандағы халықтар достығы туралы түсініктерін дамытуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі тақпақты ұғынып, тыңдауды үйрету; достықты айқындайтын әдеттерді білдіретін сөз бен сөз тіркестерін түсіну | Мақсат-міндеттер: балаларды 50-60 метрге жүгіруге үйрету. | балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге және музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету. | балаларды биіктігі 5-10 см 2-3 заттың үстінен кезектесе секіру; көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүруге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | біліктерін дамыту; жақсы әдеттерді жаман әдеттерден ажыратуды үйрету; тақпақ жолдарынан достықты айқындайтын сөз тіркестерін дұрыс дыбыстап, айтуға жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, қатынастық дағдыларын дамыту. Мейірімділікке, қайырымдылыққа, әдептілікке, достарына деген сыйластыққа, патриоттық сезімдерге тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>"Көктем келді".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Жәндіктердің ұшуын бақылау (Көбелек, маса, ара). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Тісі жоқ, ауызы бар,<br>Атқарар ісі бар.<br>(Ара)<br>Тақпақ.<br>Дастарқанды аралады, | **Бақбақ гүлін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Кіп кішкентай қауғабас,<br>Шашы түссе дауламас. (Бақбақ)<br>**Бақылау.** Бақбақ гүлінің сары басты екенін бақылай отырып, көп | **Терек ағаштарының жапырақтарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Отырғыз ағаш көктемде,<br>Жөн болар еңбек еткенің.<br>Келмесе шамаң егуге,<br>Сындырма жұрттың | **Ересек балалардың ойындарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ<br>«Балабақша».<br>Балабақша базарлы үй,<br>Қаладағы ажарлы үй.<br>Шаттығы бар шуақты,<br>Өз үйіміз сияқты.<br>**Бақылау.** | **Ересектердің бақшадағы еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақал-мәтел.<br>Еңбек етпесең, елге өкпелеме,<br>Егін екпесең, жерге өкпелеме.<br>Тақпақ.<br>Бітік егін өсіріп,<br>Еліне бақ сыйлаған. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ет пен майды жағалады.<br>Өмір сүре берсінші деп,<br>Өлтіргем жоқ бал араны.<br>**Бақылау.** Күн жылына жәндіктер пайда бола бастайды. Жәндіктерді танып аттарын атау. Қоңыз, маса, көбелектер және оларды салыстыру. Жәндіктерді аялауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Көбелектер, көлбақалар, тырналар». (дене шынықтыру)**<br>Жәндіктердің өмірінен балалар достық қатынас тілектерін қолдануға | күлтелерін күндіз ашылып, кешке жақын күлтелерінің жабылып тұратынын балаларға түсіндіру.<br>**Қимылды ойындар: «Түсті автокөліктер». (**<br>Өз бетімен атрибуттар мен көмекші-заттарды таңдай білуін, шартты ойын әрекетін орындауға талаптануын мадақтау.<br>**Еңбек.** Аландағы жұмыстар. **(еңбек дағдылары)**<br>Гүлзарға гүлдердің тұқымдарын егеміз. Егілген тұқымдарға су құямыз. Тұқымдарды еккенде арақашықтарын сақтау, еңбекке | еккенін.<br>М. Қуанышбеков.<br>**Бақылау.** Терек ағашынын жапырағын ақ қайыңнын жапырақтарымен салыстыру, айырмашылықтарын бақылау.<br>**Қимылды ойын. «Допқа дейін жеткіз». (дене шынықтыру)**<br>Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек.** Ағаш түптерін әктеу. **(еңбек дағдылары)**<br>Ағаш түптерін әктесек одан құрт-құмырсқа аулақ болатынын ескерту. Балаларды табиғатты | Балалардың киімдеріне назар аудару (куртка, шапка, бессаусақ т.б.), балаларға қыста қалай киінгендерін естеріне түсіру. Балаларға бұрынғыдан қарағанада көбірек серуендеуге болатынын байқату. Күннің жылынғанын, ауа райының қалай өзгергенін бақылау.<br>**Қимылды ойындар. «Батыл балалар». (дене шынықтыру)**<br>Жіпке тартып өрмелеу: балаларды батырлыққа, күштілікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Ауладағы жұмыстар: арамшөпті жұлып, ағаштардың | Егінші ісін дос біліп,<br>Ол-халыққа сыйлы адам.<br>**Бақылау.** Көктемде топырақты дайындап, көкөніс егу науқаны басталатыны жайында балалардың түсінігін қалыптастыру. Тынымсыз еңбек ету нәтижесінде адамдар көкөністі өсіріп күтуде мол өнім алу мүмкіндігіне ие болатынын балаларға түсіндіру.<br>**Қимылды ойын. «Арқан тартыс». (дене шынықтыру)**<br>Күш-жігерді дамыту, қарсыласын өз жағына тартқанда шыдамдылық таныту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Гүлзарды суару. **(еңбек дағдылары)**<br>Өздігінен өсімдіктерді суаруға үйрету. Гүлдер мен құралдарға ұқыпты қарап, жұмыстан кейін орындарын жинауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар. Сумен ойнау.**<br>Балалар арасында достық қарым-қатынастарын дамыту және оларға көмектесу. | баулу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>«Белдіктермен ойындар».<br>Өз бетінше ойнай білу қабілеттерін арттыру. | қорғауға, бұтақтарды сындырмауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. | түптерін қопсыту.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Балалармен арамшөпті жұлып, оны бір орынға жинау, бірге жұмыс жасауға үйрету. Таза, жинақылыққа, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Барлығына бірге топтасып ойындар ойнату. | **Еңбек.** Гүлзарға гүл отырғызу. **(еңбек дағдылары)**<br>Гүл отырғызатын орынды таңдап алып, оны суару. Еңбек мәдениетін қалыптастыруды үйрету (еңбек құралдарын қолдану, жұмыс орнын таза,ұқыпты ұстау).<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Ойыншық пен рөлдерді бөлісуде мәдениеттік білдіріп, келіспеушілік тұстарын анықтап, өз ойын іске асыра білуге тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін.<br>Ол халқымның ақ жаны,<br>Жақсы дәстүр маржаны,<br>Кеңпейіл де арайлы,<br>Осы жерден тарайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Ғажайып бақ» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(аз қимылды, үстел үсті<br>ойындары,<br>бейнелеу іс-әрекеті,** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Төрт түлік мал туралы тақпақ жаттау". | **"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тез | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Бес төлді жарыстырайық".<br>Мақсат-міндеттер: | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Туған жерім тамаша".<br>Мақсат-міндеттер: | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Көктемде жер бусанды".<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітаптарды қарау және басқалар)** | Мақсат-міндеттер: балаларды төрт түлік мал туралы тақпақпен таныстыру; қазақтың төрт түлік малы туралы ұғымдарды қалыптастыру; малды күту, құтты қасиеті туралы баяндау.<br><br>**Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Қара сиыр» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға тапқыр, шапшаң, ұйымшыл болуды үйрету.<br>Шарты.<br>Ойын көбінесе далада, көгалды жерде, кең аулада ойналады. Ойынға 3 не 10, одан да көп ойыншы қатынасады. Ойынға көбінесе қара зат таңдап алынады | ойлауға тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына, жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерінің суреттері тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық.<br>Балалар, суреттерді тезірек қойып шығады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**«Допты домалат» аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға допты жерге отырып | балаларға ұзындықтың бес түрлі шамалары жөнінде ұғымдар қалыптастыру; беттестіру мен тұстастыру, санап салыстыру тәсілдері жөнінде түсініктерін тиянақтау.<br><br>**Ұлттық ойын. Соқыр теке**<br>Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады.Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ,<br>Қайда кеткен құлыншақ.Соқыр теке бақ-бақ,<br>Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады. Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе | балалардың туған жер туралы білімдерін кеңейту; туған жердің адамдар өміріндегі мәнін түсіндіру.<br><br>**Сюжетті-рөлді ойын. «Қоян балабақшаға барады» .**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөйлеуін белсендіру және дамыту, ойын идеясын ашу. Рөлдік мінез-құлықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру.<br>Материал және жабдық: қоян<br>Ойын барысы: - Балалар, қоян балабақшаға бару керек, ол өте алыс, сондықтан қоян көлікпен жүруді | балаларға көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, көктемгі табиғатқа тән ерекшеліктермен таныстыру.<br><br>**Театрды саханалау.**<br>"Өсімдіктер мен кемпірқосақ" ертегісін сахналау.<br>**(көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (ескі малақай, құм салған дорба және т.б.). Ойынға қатынасушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып тұрады. Ойынды басқарушының берген бұйрығы бойынша бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты қолын алып тығылады. Ойыншы балалар сол тыққан затты іздеп табу керек. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатынасушылардың барлығына естірте дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың | домалатуды үйрету. Шарты. Педагог балаларды (диаметрі 3—4 м) шеңбер құрып отырғызады. Балалар кілемнің үстіне аяқтарын екі жаққа созып отырады. Тәрбиеші ортасында отырып, допты кезек-кезек әр балаға, атын атап домалатады. Бала допты ұстап алып, тәрбиешіге қарай қайта домалатады. Тәрбиеші балаларды мақтап, доптың суретін салуды ұсынады. Балалар доптың суретін салуға ниет білдіреді. **(дене шынықтыру)** | балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алғанбаланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді. | шешті. Оған балабақшаға жетуге көмектесейік. Бізге көлік жүргізушісі керек. Бірақ бәрі оңай емес, өйткені сендер әртүрлі кедергілерден өтулерің керек. Әрі қарай, тәрбиеші ойынды бақылайды және көлік жолында кедергілер ұйымдастырады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | иесі өз затын қорғайды да, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып, әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрып, көздерін жұмып тұрады. Ойын осы тәртіппен жүре береді. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Табиғат жайлы әңгімелесу».**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың дүниетанымын, тіл байлығын дамыту.<br>- Табиғат дегеніміз не?<br>Табиғат – жер, тау, ағаш, су, орман, | **Дидактикалық ойын "Ұшады, жүзеді, секіреді".**<br>Мақсат-міндеттер: әртүрлі жануарлардың қозғалу іс-әрекеттері туралы білімдерін бекіту.<br>Мысалы: | **"Туған елдің ұлымын" өлеңін жаттау.**<br>Аспанымдай мөлдірмін,<br>Жайлауымдай жазықпын<br>Өзенімдей өршілмін,<br>Гүлдерімдей нәзікпін. | **"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды тез ойлауға тәрбиелеу.<br>Ойынның барысы:<br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына | **«Көктем».**<br>Көктем келді бүгін,<br>Күнім төкті нұрын.<br>Сайрап барлық құстар,<br>Ән салуға құштар.<br><br>Түрлі түсті әйбәт,<br>Гүлдер шықты жайнап. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өсімдіктермен жан-жануарлардан тұратын қоршаған орта.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Балық - жүзеді, аққу - ұшады, қоян - секіреді.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Қуат алған өзіңнен,<br>Туған елдің ұлымын.<br>Бақытты етіп өсірген<br>Отанымның гүлімін.<br>А.Сәрсеков<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осылардың ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | Қызыл-жасыл аймақ,<br>Қырға шықты ойнап.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.<br>Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. |

| | |
|---|---|
| | Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.<br>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Балаңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында ата-аналарға арналған сауалнама. | «Бала бөлмесіне арналған гүлдер» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. | «Гүлдер» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Баланың эмоциялық жағдайы. |

